



31 наурыз, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Бәрі де бала үшін



4 Аралға жол тартқан аргонавтар



5 Тіл тарихының тарланы



6 Ас ішудің сауабы мен әдебі



● ПРЕЗИДЕНТ



«Қабылданатын шешімдер барынша салмақты болғаны жөн»

Ақорда резиденциясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен қаржы-экономика саласындағы мейлінше өзекті мәселелер жөнінде кеңес өтті.

Мемлекет басшысы әлемдегі геосаяси жағдайдың құбылмалы болуы біздің экономикамызға айтарлықтай әсер еткенін атап өтіп, мемлекеттік органдардың үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі қажет екенін айтты.

— Жағдай күн сайын өзгеруде, өте құбылмалы кезең. Сондықтан біз барлық сын-қатер мен мүмкіндікті нақты әрі тез анықтап, әр қадамымызды нық басуымыз керек. Қабылданатын шешімдер барынша салмақты болғаны жөн. Бірақ, созбалаңға салмай, шұғыл шараларды қолға алуымыз керек. Қағазбастылыққа жол бермеу қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов экономиканың қазіргі жағдайы мен оның дамуына қатысты болжамдар туралы баяндады. Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясаты жөнінде есеп берді. Премьер-Министрдің орынбасары — Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев 2022 жылға арналған республикалық бюджеттің нақты параметрлері жайында мәлімет берді.

Сонымен қатар іс-шарада бюджет шығындарын оңтайландыру, көктемгі егіс науқанына дайындық барысы, экспорт саясатын дамыту, инвестиция тарту және көлік логистикасын жетілдіру, сондай-ақ Халықтың табысын арттыру бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Кеңес қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Үкімет пен Президент Әкімшілігіне еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне қатысты бірқатар тапсырма берді.

● САПАР

АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АҚЫЛДАСТЫҚПЕН ШЕШІЛЕДІ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдікалықова жұмыс сапарымен Сырдария ауданына барып, Ақсарма ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Ақсақалдар ауылға қатынайтын жедел жәрдем көлігінің тозығы жеткенін және мектепке күрделі жөндеу жүргізу мәселесін көтерді. Облыс әкімі әрбір ауылдың әлеуметтік мәселесі кезек-кезненімен шешімін табатынын және әрбір ұсыныстың ескерілетінін жеткізді.

Одан кейін аймақ басшысы Тереңөзек кентіндегі «Мансұр» жеке спорт клубы мен «Бакнұр-Бөбек-3» бөбекжай-балабақшасының жұмысымен танысты. Мұнда спортпен шұғылданып жатқан жастармен пікірлесті. Спорт клубы 2020 жылы пайдалануға берілген. Жаттығушылар шахмат, дзюдо, қазақ күресі, таеквондомен айналысады. 8 тұрғын жұмыспен қамтылған. Ал, «Бакнұр-Бөбек-3» балабақшасының жұмысы 2015 жылы басталған.



Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ

● ӨНІР ӨНІМІ



Мақсары майына сұраныс мол

Қызылордада «Көктөбе» атауымен жергілікті жерде өндірілген мақсары майы сатылуда. «AB INVEST GROUP» ЖШС шығаратын өнім бұған дейін тек Қытайға экспортталып келген. Ал, биылдан бастап өнімді жергілікті тұрғындар да сатып ала алады.

2015 жылы ашылған кәсіпорын жергілікті шикізатпен жұмыс істейді. Қажетті мақсары өсірумен «Таң ЛТД», «Егінші», «РЗА Агро», басқа да бірнеше жауапкершілігі шектеулі серіктестік айналысады. «AB INVEST GROUP» 2018 жылы алғаш рет өнімін экспортқа шығарып, Қытайға 100 тоннадан астам май жөнелтті. Бірнеше жылдан бері экспорттық тауар

айналымы артып, қазір серіктестік Қытайдың ірі азық-түлік корпорациясымен ұзақ мерзімді келісім-шарт бойынша жұмыс істеуде. Мақсары майы суық сығымдау әдісі арқылы өндіріледі. Толық тазартылмай, тек сүзгіден өткізілгендіктен бойындағы барлық пайдалы қасиеттерін сақтап қалады. Мақсары тұқымы май шығарар алдында мұқият тазартылады. 100%

табиғи өнімнің жоғары сапасына Ресейден сатып алынған соңғы жоғары технологиялық жабдықтардың арқасында қол жеткізілген.

Мақсары майын тұтыну жасартатын, хош иісті және диуретикалық және диуретикалық әсер береді, артық салмақпен күресуге көмектеседі. Сондай-ақ, атеросклерозға қарсы күшті профилактикалық құрал. Мақсары майының қолдану аясы өте кең. Мысалы, қытайлық косметиканың көпшілігі осы майдан жасалған. Бұндарды емдеу үшін де қолданылады. Өндірушінің айтуынша, май бағасы айтарлықтай жоғары — литрі

мың теңгеден асады. Бірақ экологиялық тазалығы, пайдалы қасиеттері мен тамаша дәмі өнімнің құнын ақтайды.

«AB INVEST GROUP» ЖШС өндіретін мақсары майы «Қазақстанның үздік тауары-2018» облыстық байқауында сәтті дебют жасап, «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясында жеңімпаз атанған. Сонымен қатар, «Сауда үздігі-2018» республикалық байқауында «Үздік көтерме және өндіріс-тік кәсіпорын» номинациясында бірінші орынды иеленді.

«СБ» ақпарат

● ОҚИҒА

Арал ауданындағы «Қамыстыбас» көліде екпінді желдің салдарынан су деңгейі көтеріліп, жағасындағы демалыс аймағында орналасқан ғимараттарға зиян келтірді.

Мұздың ығысуынан зиян келді

Өткен сейсенбі сағат 17.35-те облыстық төтенше жағдайлар департаменті дағдарыс жағдайында басқару басқармасына «Қамыстыбас» көліндегі су деңгейінің көтерілгені жөнінде ақпарат келіп түскен. Оқиға орнына төтенше жағдайлар департаментінен 2 жергілікті атқарушы органнан 15 қызметкер барды.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Бауыржан Ізбасаров екпінді желдің салдарынан көл жағасына жиналған

мұз ығысып, көшкенін айтты. — Нәтижесінде сол аумақтағы «Аққұмшық» жазғы демалыс аймағының жағалауындағы жазғы алаңдар мен уақытша құрылыстар ішінара бұзылды. Қазға болғандар мен зардап шеккендер жоқ. Сондай-ақ, елді мекендерді су басу қаупі туындамаған, — деді Б.Ізбасаров.

Аталған демалыс аймағында 23 кәсіпкердің уақытша құрылыстары бар. Өзірге 6 демалыс үйі зардап шеккені анықталған, зақымдалған құрылыстар саны нақтылануда.

«СБ» ақпарат



● МӨЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

МӘМС: КТ мен МРТ-ны күте-күте...

2020 жылдан бастап еліміз міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне көшкені белгілі. МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесінің міндетті шарты — «МӘМС туралы» Заңның 26, 27 және 28-баптарына сәйкес жарналар мен аударымдардың болуы.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Осы орайда тұрғындар ай сайын жарна төлеп отыруға міндеттелді. Әрине, арнайы бекітілген 15 санатқа кіретін адамдар жарнадан босатылады. Олар — зейнеткерлер, студенттер, жұмыссыздар, көпбалалы

аналар, мүгедектер, 18 жасқа дейінгі балалар және басқалар.

Биылдан бастап жұмыс берушілердің жұмыскерлер үшін аударымдары 3%-ті құрайды, аударымдардың ең жоғары сомасы 18 000 теңгеден аспауы тиіс. Бұл 10 айлық есептік көрсеткіштің 3%-і болып саналады.


3-бет

● ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

Алаяққа заң құрығы қысқа ма?

Адамнан ұят кетсе, ары мазаламасы анық. Оңай олжаға қарық боламын деп тұрғындардың сеніміне кіргендер «кезектен тыс пәтер, 2005 жылғы жер алуға жазылған арыз алып келсең, жер алып беремін, жер сатамын, несие алып беремін, бүгін ақша берсең, диплом, жүргізуші куәлігі ертең қолыңда болады» деп бастайды әңгімесін. Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, өткен жылы облыста алаяқтық қылмыстың 676 дерегі тіркелген. Олардың 368-і өз айласын ғаламтор арқылы асырған. Алаяқтардың күн санап көбеюіне қарап тұрғындардың құқықтық сауаты төмен бе әлде заң құрығы қысқа ма деген ойға қаласын.

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»



Алаяқтан айла артылған ба, ақшаны еселеу мақсатында түрлі пирамидалық жобалар ойлап тауып, соңында телефон нөмірін ауыстырып бой тасалайды. Тіпті жолда кетіп бара

жатқан адамнан «Телефоныңыздан қонырау соғып жіберсем бола ма?» деп сұрап алып, әп-сәтте атынан тауарлы несие рәсімдеп үлгерген. Ол аздай қас пен көздің арасында есепшотындағы

ақшаны аударып алып үлгереді екен. Ал «Жұмысқа тұрғызып, оқуға түсіріп беремін» дегенге сеніп, қыруар қаржыны қолына ұстата салатындар әлі де бар.

3-бет



● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Тиімді әріптестік жалғаса береді



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының (БҰҰДБ) Қазақстандағы Тұрақты өкілі Якуп Берих және оның орынбасары Виталий Времишпен кездесті. Аймақ басшысы мейманға уақыт тығыздығына қарамастан өңірге келіп, кезекті Ерікті ұлттық шолуды талқылауына қатысқанына ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар, Қызылорда облысы біраз жылдан бері БҰҰ Даму бағдарламасымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істегенін және аймақ дамуына өзіндік үлес қосқанын атап өтті.

Быдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

— Осы жылдары аграрлықтан индустриялық-аграрлық өлкеге айналды. Экономикамызға 4 трлн тенгеден астам инвестиция салынды. Жалпы өнімдік өнімдегі өндірістің үлесі 1991 жылғы 11%-тік көрсеткіштен 30%-ке, ал ауыл-шаруашылық үлесі соңғы 10 жылда 3,9%-тен 6,3%-ке артты. Пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 8 млн шаршы метрге жуықтады. Біздің облыс тұрғындарды орталықтандырылған ауызу жүйесімен қамту бойынша республикада алдыңғы көрсеткіштерге ие. Ол 97%-ке жетіп отыр, тұрғындардың 67%-і табиғи газ пайдалану мүмкіндігіне қол жеткізді, — деді облыс басшысы.

Осы жылдары аймақ демографиялық ахуал жақсарған. Соған орай тұрғындар саны 592 мыңнан 827 мыңға жетті, ал өмір сүру ұзақтығы 8 жылға артты (64,4 жас 72,79 жасқа).

Облыс әкімі өз сөзінде әлеуметтік-экономикалық даму, жұмыспен қамту, тұрғындардың әл-ауқатын арттыру, экология, қоғамдық-саяси ахуал мәселелері әр уақытта да өзекті мәселе екенін назар аударды.

— Қызылорда жұмыс қолы жеткілікті өңірлердің бірінен саналады. Бүгінде жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар бар. Біз оларды барынша экономикалық айналымға тартуға тиіспіз. Одан бөлек, ерекше назар аударуды қажет ететін көпбалалы отбасылар бар, — деді осы орайда аймақ басшысы. Сондай-ақ жоғары не кәсіби білімі жоқ жұмыссыз жастар айрықша назар аударарлық санат екенін жеткізді.

Елімізде тұрғындарды жұмыспен қамтуға бағытталған бірқатар бағдарламалар жүзеге асырылуда. Біздің облыстың жағдайын ескере отырып, жаңа жұмыс орындарын ашу бағытында қосымша шаралар қабылданып жатқанымен, бұл мәселе өзекті күйінде қалуда. Аймақ басшысы білім беру саласының да өзіндік проблемалары бар екенін атап өтті. Қала мен ауылдық елді мекендердегі білім деңгейі айтарлықтай айырмашылыққа ие. Экология және денсаулық сақтау саласы бойынша да маңызды мәселелер баршылық. Аймақ басшысы БҰҰ өкілімен кездесу барысында су ресурстарымен қамтамасыз етудегі қиындықтардан да хабардар етті. Быыл да күрделі ахуал қалыптасуы ықтимал. Аймақ тұрғындарының басым

бөлігі ауылдық елді мекендерде тұра- тындықтан, алаңдаушылыққа негіз бар.

Сөз соңында аймақ басшысы облыс- тың 2021-2025 жылдарға арналған Даму бағдарламасына БҰҰДБ тарапынан жүргізілген кешенді бағалауға қызығушылық танытып, аймақтың потенциалы мен даму бағыттары бойынша пікірлерін білгісі келетінін жеткізді.

Якуп Берих өз кезегінде БҰҰДБ өкіл- дерінің қатысуымен өткен Ерікті ұлттық шолудың талқылауы туралы мәлімет беріп өтті. Мұндай талқылаулар Қазақстанның барлық өңір орталықтарында өтеді. Басты мақсат — тұрақты дамудың экологиялық аспектісіне үлес қосатын ұсынымдарға баса назар аударып отырып, «Стокгольм+50» ұлттық диалогты бастау. Қатысушыларға Қазақстанның ұлттық деңгейде айқындалатын үлесін, «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасын және ұлттық деңгейдегі басқа да саясат пен шараларды жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды мәлімдеуге мүмкіндік беріледі. Талқылау нәтижесі осы жылғы маусымда Швецияның Стокгольм қаласында өтетін халықаралық кездесуде ұсынылып, «Стокгольм+50» жаһандық есебіне кіретін болады.

Айта кету керек, Қазақстан алғаш рет 2019 жылы Нью-Йорктегі БҰҰ-ның жоғары деңгейдегі Саяси форумында Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша өзінің ерікті ұлттық шолуын ұсынды. Алдағы шілдеде Қазақстан Нью-Йорктегі БҰҰ алаңында өзінің екінші Ерікті ұлттық шолуын ұсынады. Жалпы, Ерікті ұлттық шолулар елдер арасында тәжірибе алмасу үшін қажет.

Мұнан соң Я.Берих жоба ретінде аймақта жүргізілген жылдам кешенді бағалау нәтижелерін таныстырды және Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бағытында бірлескен іс-шаралар жоспарын әзірлеу туралы ұсыныс айтты. Тараптар өңірдегі әлеуметтік мәселелерді оңтайлы шешуге бағытталған бірлескен жобалар бойынша, соның ішінде жұмыссыз жастарды қолдау, «жасыл» бизнесті дамыту және әйелдердің экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту бойынша қолдау туралы келісті.

Кездесу соңында аймақ басшысы БҰҰДБ өкілдеріне тиімді әріптестік аясын одан әрі кеңейтіп, нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.

АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АҚЫЛДАСТЫҚПЕН ШЕШІЛЕДІ

150 орындық мектепке дейінгі ұйымда кітапхана, әдіскерлер мен оқыту бөлмесі бар. Облыс әкімі білім саласына инвестиция құюға мүдделі жеке кәсіпкерлердің қатары артқанын айтып, балалардың лайықты білім алуына қатысты шараларды жалғастыру қажеттігін жеткізді.

Сапар аясында облыс әкімі Қалжан ахун ауылдық округінде медициналық пункттің жұмысымен танысып, ауыл халқының ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Ел азаматтары медициналық пунктке күрделі жөндеу жұмысы қажет екенін айтып, аяқсу мәселесін шешіп беруді сұрады. Облыс әкімі мемлекеттік бағдарламалар арқылы медициналық бекет ғимаратын қайта жөндеуге тиісті қаржы бөлу мәселесі қаралғанын айтып, аяқсуға қатысты сала басшыларына бірқатар тапсырма берді.

Сонымен қатар аймақ басшысы 1600-ден астам тұрғыны бар С.Сейфуллин ауылының азаматтарымен пікірлесіп, толғандырып жүрген сауалдарын тыңдады.

Кездесу барысында мектепте жөндеу жұмыстарын жүргізу, «көгілдір отынға» қосылу, жол салу, тұрғын үй құрылысы, бизнесті «Қызылорда» өңірлік инвестиция орталығы арқылы төмен процентпен несиелендіру мәселелері айтылды.

Өңір басшысы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы аймақта бірнеше ауылдың инфра-құрылымы жақсарғанын назарға салып, бизнес жасауға ынталы азаматтарды қолдау қажеттігін атап өтті.

Облыс әкімі А.Тоқмағамбетов ауылдық округіндегі тұрғындармен кездесуінде бірқатар әлеуметтік мәселелерді талқылады. Оның ішінде елді мекенді газға қосу, жол салу, амбулаторияны жөндеуге қатысты сұрақтар бар. Сонымен қатар, азаматтар жер үлесі мәселесін көтерді. Аймақ басшысы жер дауының түйіні заң аясында екі тараптың бірлескен шешімі негізінде тарқатылатынын еске салды.

Айту керек, осы кезге дейін облыс әкімі 120-ға жуық елді мекенді аралап, түйткілікті мәселелерді саралай келе, түпкілікті шешім қабылдауға ықпал етуде.

1-бт

Облыс әкімі Сырдария ауданына жасаған жұмыс сапары барысында ауыл шаруашылығы мәселелеріне арналған арнайы жиын өткізді. Оған салалық басқарма басшылары мен шаруалар қатысып, көктемгі егін науқанына дайындық, эпизоотиялық ахуалды тұрақтандыру, субсидияны бөлу тәртібі мен белгіленген лимит бойынша суды пайдалану мәселелерін талқылады.

Жиында өңір басшысы биыл да су деңгейінің төмен болатынын қаперге салып, суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беру, бекітілген лимитке байланысты суды тиімді пайдалану керектігіне тоқталды. Қалыптасқан жағдайға

аяқсуға 19 насос және егістікті суландыруға 15 насос, облыстық бюджеттен 3 насос қондырғысы сатып алынады, — деді аймақ басшысы.

Аудан әкімі Мұрат Ергешбаев су тапшылығының алдын алу бойынша атқарылатын жұмыстар туралы айтса, бірқатар басқарма басшылары вегетация кезінде аймақта іске асырылатын жұмыстар жайын бағандады.

Жиында «Ақжарма-2», «Қызылқандық» шаруа қожалықтарының төрағалары мен «Мәді Қажы» серіктестігінің директоры субсидия алу, тынайықшытарды сатып алу, мал азығын дайындау мен оны тасымалдау, көктемгі



карамастан, канал арналарын тазалау, насос қондырғыларын орнату мен вегетациялық кезеңдегі әрекет ету жұмыс жоспарын айтты.

Бүгінге дейін барлық аудандағы шаруалармен кездесіп, ортақ мәселелерді талқылады. Оның ішінде су лимитін дұрыс пайдалану, егілетін егін көлемін нақтылауға тиіспіз. Облыстағы су тапшылығының алдын алу мақсатында Жол картасына енгізілген бірінші кезектегі 65 жобаға ҚР Үкіметі резервінен 3,6 млрд теңге бөлінді. Оған барлығы 22 каналды тазалау, 52 ұңғыманы жөндеу және бұрғылау, 133 дана насос қондырғысын алу жоспарда бар. Соның ішінде, Сырдария ауданы ауылдық елді мекендерінің экологиялық жағдайын жақсарту және егістікті суландыру үшін биыл 429 млн теңге көлемінде қаржы бөлінді. Бұл қаржыдан

егінге қажетті су қорына қатысты өзекті мәселелерін жеткізді.

Отырыста өңір басшысы су лимиті белгіленсе, егін көлемін нақтылау керектігін қаперге салды. Сондай-ақ, республикалық бюджет есебінен қоғамдық жұмыстарға бөлінетін қаржыға егін науқаны кезінде қызмет ететін мамандарды қолдау тетіктерін қарастыру керектігін айтты.

Айтылған ұсыныстарды ескере отырып, өңір басшысы аудан әкімі мен жауапты басқарма басшыларына нақты тапсырма берді. Оның ішінде, егіске қажетті суармалы судың лимитін нақтылап, он күн сайын су жеткізу кестесін белгілеуді, каналдарды тазалау жұмыстарын жүргізуді және қажетті су насостарын алуды жеделдетуді жүктелді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

● БРИФИНГ

Қоғамдағы тұрақтылық маңызды



Күн сайын азық-түлік бағасының шарықтауы, бағаның тұрақсыздығы аймақ тұрғындарын, әсіресе шалғай ауыл адамдарын алаңдатуда. Жасыратыны жоқ, Украина мен Ресей арасындағы қақтығыс салдары көптеген елдің экономикасына кері әсер етуде. Өңірде шешілү тиіс өзекті мәселелер мен басқа да тақырыптарға орай облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

дықтан біз арандатулар мен теріс ақпараттардың жетегінде кетуден барынша аулақ болғанымыз жөн. Осы мәселе бойынша біздің азаматтарымыз өз позицияларын БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы білдіруде. Еліміздегі тұрақтылық пен бейбітшілікке сызат түсіргісі келетін теріс ниетті топтар мен тұлғалардың тарапынан арандату әрекеттерін де байқап жүрген шығарсыздар. Бір ғана мысал, елімізде жаппай қант сатып алу жағдайы болды. Әлеуметтік желілердегі түрлі ақпараттар мен жасанды дүрбелен қантқа сұраныстың және алыпсатарлықтың артуына әкелді. Бұл жағдайға байланысты облыстық прокуратура мен бәсекелестік қорғау департаменті, облыстық кәсіпкерлік басқармасы қант бағасының өсуіне, алыпсатарлыққа жол берген нарық субъектілеріне қатысты арнайы бақылау жұмыстарын жүргізіп, заңға сәйкес шаралар қабылдауда, — деді ол.

Облыс әкімінің орынбасары облыста қант тапшылығы жоғын еске сала отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін тұрақтандыру қорынан тауарлық интервенция жүргізу, заем беру арқылы шаралар қабылданып жатқанына хабарлар етті. Азық-түлік қорының тапшылығын болдырмау үшін барлық амал қарастырылуда. Сонымен қатар, Қайрат Бірзақұллы мемлекеттік органдар мен БАҚ өкілдері

арасында ашықтық қалыптастыру бағытында қатаң тапсырмалар берілгенін атап өтті. Қандай да бір ақпарат тарағанда тиісті сала басшылары уақыт созбай, нақты, жылдам әрі толыққанды жауап беру керек. Мәселен, жақында білім басқармасына қатысты орын алған мәселеге орай ақпараттың анық-қанығы сол күні БАҚ өкілдеріне тиісіндірілгенде, ондай жағдай болмас еді.

Қазір аймақта қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстар, әрине, бірінші кезекте қоғамдық пікір мен жүргізілетін мониторинг нәтижелеріне сүйеніп, іске асырылады. Өзекті мәселелерді тиімді шешу үшін жыл басында «Әлеуметтік шиеленіс ошақтары картасы» бекітіледі. Бұл картада барлық сала бойынша бірінші кезекте шешілуі тиіс мәселелер қамтылып, жауапты салаға қатысты нақты міндеттер айқындалады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша картаға енгізілген 34 проблемалық мәселенің 19-ы оң шешім тапса, биылғы жылдың I тоқсанында 22 мәселенің 8-і өзектілігін жойған.

Айта кету керек, жыл басындағы қантар оқиғасы мәселелерді шешуде барлық сала асқан жауапкершілікпен жұмыс жасау қажеттігін көрсетті. Брифинг барысында Қ.Нұртай журналистер тарапынан қойылған сауалдарға жауап беріп, алдағы уақытта мұндай кездесулер жиі ұйымдастырылатынын айтты.

Қызылорда облысы әкімі аппаратында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке мәселелері бойынша қабылдаудың 2022 жылдың II тоқсанына арналған кестесі

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Әбдіқалықова Гүлшара Наушақызы	Облыс әкімі	Әр айдың 4-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жайымбетов Мархабат Жайымбетұлы <i>(энергетика, газбен қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ауысу, құрылыс, жол, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері, индустриялық-инновациялық салалар бойынша)</i>	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 2-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Шаменова Балжан Мөрәліқызы <i>(білім, денсаулық, санитарлық-эпидемиологиялық жағдай, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптары туралы, мүгедектер мәселелері)</i>	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Нұртай Қайрат Бірзақұллы <i>(ішкі саясат, қоғамдық саяси ахуал, мемлекеттік тіл, мәдениет, дене шынықтыру, спорт және жасөспірімдер саясаты, отбасы және әйелдер мәселелері)</i>	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 2-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жаханов Бахыт Дүйсенұлы <i>(ауыл шаруашылығы, жер және су қатынастары, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын пайдалану, азық-түлік қауіпсіздігі, мемлекеттік сатып алу, әлеуметтік-экономикалық даму, бюджеттік жоспарлау, салықтар мен төлемдер мәселелері)</i>	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 1-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 1-қабат, №139 бөлме. Анықтама телефоны: 40-11-91(7046).

Қызылорда облысы әкімінің аппараты

БРИФИНГ

Мемлекет басшысы 2022 жылды “Балалар жылы” деп жариялады. Бұл бағытта жүзеге асырылуы тиіс жұмыстардың жүйесі де айқындалды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова атаулы жылда атқарылатын жұмыстарды таныстырды.

Газиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Бәрі де бала үшін

“Балалар жылына” орай облыс көлемінде арнайы жоспар әзірленген. Оның аясында баланың денсаулығы, білім алуы, әлеуметтік жағдайы және қауіпсіздік мәселесін қамтамасыз ету бағытында көп жұмыстар атқарылады. Соның бір дәлелі – балаларға арналған қосымша білім беру нысандары салынып, шығармашылығын дамыту мәселесі басты назарға алынды. Балалар жылында мүдделі органдардың және ҰЕҰ қолдауымен жоспарланған іс-шараларды жүзеге асырамыз. Айтпақшы, бастапқыда 100-ден астам түрлі іс-шара қарастырылған болса, соның ішінен нақты 52 жоба таңдалды, – деді ол.

Басқарма басшысының баяндауына, қаладағы №264 мектеп-лицейінің жанынан заманауи обсерватория ашылып, оқушылардың ғылыми зерттеулермен айналысуына жағдай жасалды. Сонымен қатар,

мандарымен қамтылатын болады. Осы ретте мүмкіндігі шектеулі, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 1030 балаға техникалық құрылғылар (планшет) табыс-талады.

Биыл техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрлар даярлауға 1600 орынға қосымша мемлекеттік тапсырыс беріліп, 3108-ге дейін көбейтіледі. Сонымен бірге, Қызылорда қаласындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан студенттердің қала ішіндегі қоғамдық көліктерде тегін жүруі үшін жергілікті бюджеттен қаржы бөлінеді деп жоспарланып отыр.

Жалпы бес жылға арналған кең көлемді жоспар аясында білім саласына қағисты интернеттарға жөндеу жүргізіліп, материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін биылға 88 млн теңге бөлінген. Сонымен қатар, меценаттардың көмегімен 8 мектепте жаңадан спорт алаңы салынады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, денсаулық, мәдениет, спорт, әлеуметтік қорғау саласы бойынша көптеген жұмыс қолға алынған. Айталық, көпбейінді балалар ауруханасында “Қамқорлық” корпоративтік қоры қаржыландыратын 2 жастан 14 жасқа дейінгі балаларға арналған оңалту орталығы ашылды. Ал,

“Атамекен” Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, сауық орталықтарынан целиакция, қант диабеті және т.б. арнайы тамақтану тәртібін сақтауды қажет ететін диагнозы бар балалар үшін “Денсаулық бұрыштары” ашу жоспарлануда.

Ерекше қолдауды қажет ететін балаларды оңалту шараларымен қамтамасыз ету үшін 3 жобаны қаржыландыру жалғасады. Олар – иппотерапия, аудан орталықтарында күндізгі стационар жағдайында ақысыз қызмет көрсету орталықтарының жұмысын ұйымдастыру. Бұдан бөлек, барлық мүдделі органдар, ҰЕҰ қатысуымен “Мейірімділік керуені” атты қайырымдылық іс-шараларын жыл бойы өткізу жоспарланған. Оның аясында әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қала ішіндегі “Еуразия” және “Муз айдыны” спорт кешенінің тегін абонементтерімен қамтамасыз ету, мектеп оқушыларының каникул күндері облыс музейлеріне тегін кіруі қолға алынып отыр.

“Балалар жылында” өңірлік БАҚ пен әлеуметтік желілерде арнайы айдарлар ашылып, ақпараттандыру, медиа-жоспар аясында жұмыстарды үйлестіру қолға алынады. Жылды қорытындылау барысында үздік шаралар, жобалар, белсенді қатысушылардың еңбегі бағаланып отырады.



Алаяққа заң құрығы қысқа ма?

Өткен жолы мен де алаяқтың кесірінен қарызға батып қала жаздадым. Оқиға былай болды. 8 наурыз күні балаларды ойнатып, отбасымызбен қыдырып жүрдік. Кенет құрбымнан 50 000 теңге түсті. Не үшін салғанын сұрап хабарласқанымда «жана ғана WhatsApp арқылы өзің сұрадың ғой» деді. Кейін білдік, алаяқ Instagram әлеуметтік желісіндегі парақшама кіріп, жеке суретімді көшіріп алған. Өз телефонына WhatsApp орнатып, оған менің суретімді койған. Әрі қарай Instagram парақшамдағы достарымды зерттеген. Өзі туралы мәліметтер арасына нөмірін қалдырған таныстарымның бәріне менің атымынан хат жазып, қиналып тұрғанын хабарлап беретінін айтып, 50 мың теңге сұраған. Онымен қоймай, ақшаны өзінің нөміріне бірлік қылып салуды өтінген. Дер кезінде аңғарып, адамдар алданбау үшін жан-жаққа хабарлап үлгердік.

Айлакерлер заң құрығына түспеу үшін «Іс бітті, қол кетті» дегуе медиация әдісін пайдаланады екен. Себебі онда тараптар келісіп, ақшасын өтеп беруге уәделесіп тарайды. Алайда ол міндетін орындады ма, жоқ па ешкім талап етпейді.

Алаяқтарға алданғандардың бірі – қала тұрғыны Тамара Жалғасқызы. Оған көрші келіншек 5 миллион теңгеге дейін несие алып беремін деп, кейін сан соқтырып кеткен.

Көп көлемде кредит шығу үшін зейнетақы қорына ақша салу керек деп 600 мың теңге алды. Қолхат сұрады. Көршім деп сенім білдірдім. Арада біраз күн өтті. Несие де жоқ, хабар да жоқ. Бір күні подъезде жанағы әйелді іздеп жүрген бір адамды көрдім. «Неге іздеп жүрсіз? Айтыңызшы...» дегенде, «400 мың ақшамды екі жыл болды ала алмай жүрмін» деді. Мен тек сол кезде ғана алданғандымды сездім. Кешкісін үйіне барып ақшамды қайтарып беруді, ешқандай кредит алмайтынды айтытым. Ол қолынан келетініне сендіріп шығарып салды. Ертеңіне барсам, пәтерден көшіп кетіпті. Тұрақты тұрғын емес екенін сонда ғана білдім. Әйелді тауып «менен ақша алғаныңды растап, нотариус арқылы қолхат жазып беріңіз» дедім. «Медиация арқылы шешейік» деді. Бұл қызметке алғаш жүгінуді. Сот ғимаратында отырған соң медиаторға сенім білдірдім. Тараптар келісімге келсе, одан ешкім борышын өтеуді талап ете алмайтынын ескертпеді. Білгенімде бірден калың полиция бөліміне барып арызданар едім. Оның менен де басқа көп адамды жасап отырған халық қажетті қызметті кедергісіз алуы тиіс. Ақылы қызметке жүгінбеу керек. Осыны назарға ұстаңыздар.

Дәрігерлер дәрежелі де генді де жиі естіп-біліп жүрміз. Мұндай басыздыққа жол берілмейуі керек. Сонымен қатар, жарна аудармаған мекемелер арасында медицина, білім саласының ұйымдары бары анықталды. Мұны енді ақтауға келмейді, – деп сын айтқан Балжан Мөрәліқызы сактандыруға салғырт қарамауға шақырды.

Жалпы, МӘМС – пациенттердің құқықтарын қорғауға және тұрғындардың денсаулығын сақтауға бағытталған әлеуметтік жүйе. Сондықтан әр адамның еңбекқабілетінен алынған әр тиынның артында адами да, әлеуметтік те жауапкершілік тұрғанын естен шығармаған абзал.

Тамараның оқиғасынан түсінгеніміз, алаяқ өзінің айласын іске асыруға жол салып алған. Қолхат жазып бермеу, дәлел қалдырмау, тағы басқа кінәсіз жасауы бек мүмкін. Медиация арқылы шешілген азаматтық іске қайталан қылмыстық іс қозғалмайды. Келісімде көрсеткен уәдесін орындаудың

өткенімен шегелеп талап етпейді. Соны біліп алған. Осылайша қулығына құрық бойламай, алаяқтар алдауды әлі де жалғастырып жүр. Тамара секілді алданып, не істерін білмей жүргендер көп.

Облыстық соттың баспа-сөз қызметінің мәліметінше, аймақтағы соттарға өткен жылдан қалдықта 5 іс, ал жыл басынан бері 11 алаяқтық іс түскен. Осы істердің ішінде 1-еуі жәбірленушімен тауласуына байланысты жауаптан босатылса, 1 іс басқа сотқа жолданған, яғни, бұрын қылмыс жасап істі болғанына қарамастан, қайта қылмысқа барып отыр.


Қылмыс жасады ма, жазасын алады. Әрине, жәбірленуші дәлелдерді ұсына алса. Алаяқтық қылмыс үшін Қылмыстық кодекстің 190-бабына сәйкес жауапқа тартылып, ең жоғары жаза он жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Сондай-ақ, Кодекстің 190-бабы 4-бөлігіне сәйкес қылмыстық топ болып, аса ірі мөлшерде жасалған алаяқтық үшін сотталушының мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, бес жылдан он жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. Алаяқтарға берілген жаза да жеңіл емес. Түрмеге түспес үшін ісін теңгеге дейін несие алып беремін деп, кейін сан соқтырып кеткен.

Көп көлемде кредит шығу үшін зейнетақы қорына ақша салу керек деп 600 мың теңге алды. Қолхат сұрады. Көршім деп сенім білдірдім. Арада біраз күн өтті. Несие де жоқ, хабар да жоқ. Бір күні подъезде жанағы әйелді іздеп жүрген бір адамды көрдім. «Неге іздеп жүрсіз? Айтыңызшы...» дегенде, «400 мың ақшамды екі жыл болды ала алмай жүрмін» деді. Мен тек сол кезде ғана алданғандымды сездім. Кешкісін үйіне барып ақшамды қайтарып беруді, ешқандай кредит алмайтынды айтытым. Ол қолынан келетініне сендіріп шығарып салды. Ертеңіне барсам, пәтерден көшіп кетіпті. Тұрақты тұрғын емес екенін сонда ғана білдім. Әйелді тауып «менен ақша алғаныңды растап, нотариус арқылы қолхат жазып беріңіз» дедім. «Медиация арқылы шешейік» деді. Бұл қызметке алғаш жүгінуді. Сот ғимаратында отырған соң медиаторға сенім білдірдім. Тараптар келісімге келсе, одан ешкім борышын өтеуді талап ете алмайтынын ескертпеді. Білгенімде бірден калың полиция бөліміне барып арызданар едім. Оның менен де басқа көп адамды жасап отырған халық қажетті қызметті кедергісіз алуы тиіс. Ақылы қызметке жүгінбеу керек. Осыны назарға ұстаңыздар.

Дәрігерлер дәрежелі де генді де жиі естіп-біліп жүрміз. Мұндай басыздыққа жол берілмейуі керек. Сонымен қатар, жарна аудармаған мекемелер арасында медицина, білім саласының ұйымдары бары анықталды. Мұны енді ақтауға келмейді, – деп сын айтқан Балжан Мөрәліқызы сактандыруға салғырт қарамауға шақырды.

Жалпы, МӘМС – пациенттердің құқықтарын қорғауға және тұрғындардың денсаулығын сақтауға бағытталған әлеуметтік жүйе. Сондықтан әр адамның еңбекқабілетінен алынған әр тиынның артында адами да, әлеуметтік те жауапкершілік тұрғанын естен шығармаған абзал.

Тамараның оқиғасынан түсінгеніміз, алаяқ өзінің айласын іске асыруға жол салып алған. Қолхат жазып бермеу, дәлел қалдырмау, тағы басқа кінәсіз жасауы бек мүмкін. Медиация арқылы шешілген азаматтық іске қайталан қылмыстық іс қозғалмайды. Келісімде көрсеткен уәдесін орындаудың



МӘМС: КТ мен МРТ-ны күте-күте...

Биыл 1 АЕК 60000 теңгені құрайды. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт (АКС) бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер мен жеке тұлғалардың жарналары табыстарының 2%-ін құрайды. Бұл ретте, егер жалақы мөлшері 10 айлық есептік көрсеткіштен (600000 теңге) жоғары болса, онда тек осы сома ғана төленеді және жарнаның ең жоғары сомасы 12000 теңгені құрайды. Жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатындардың жарнасы 4200 теңгені құрайды.

Биыл бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) сомасы 1 айлық есептік көрсеткішке тең болды, бұл ресубликалық облыстық маңызды бар қалалар тұрғындары және астана үшін 1 АЕК (3063 теңге), ал басқа елді мекендер тұрғындары үшін 0,5 АЕК-ті (1 531,5 теңге) құрайды. Дербес төлеушілер үшін де жарна сомасы өзгерді. Олар енді 3000 теңге немесе ең төменгі жалақының 5%-ін төлейді.

Облыста биылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 134646 тұрғын медициналық көмек алу мүмкіндігінен айырылып отыр. Ал 650322 адам немесе халықтың 80,6 проценті сактандырылған. «Әлеуметтік медициналық сактандыру қоры» КЕАҚ облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовтың айтуынша, биыл халықты МӘМС жүйесімен қамту бойынша Жол картасы бекітілді. Алайда қала мен аудан әкімдіктерінің тұрғындарды медициналық сактандыру мәртебесіне өткізу бойынша атқарып жатқан жұмыстары көңіл қоншты.

Сактандырылмаған азаматтар үлесінің 93,1%-ін кейінгі бір жылда төлем жасамағандар және жалдамалы

жұмысшылар, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша еңбек ететін қызметкерлер, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер құрап отыр. Мәселен, 1 наурыздағы мәлімет бойынша 562 мекеме мен 3601 жеке кәсіпкерден 33,8 млн теңге көлемінде аударымдар мен жарналар аударылмағандығы белгілі болды. Бұл – осы мекемелерде жұмыс істейтін 12967 жалдамалы жұмыскер, құқықтық келісім-шарт негізінде жеке тәжірибемен айналысушы 19266 адам және аталған жеке кәсіпкерлер сактандырылмай отыр деген сөз. Осыған байланысты, әкімдіктер, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері, өңірдегі мемлекеттік кірістер департаменті МӘМС үшін жарналарды уақытылы әрі тұрақты төлеудің маңызы туралы түсіндіру жұмыстарын күшейтуі қажет, – деп атап өтті Б.Исмаханбетов.

МӘМС аударымдар мен жарналарын уақытылы төлемей отырған мекемелер туралы айтсақ, олардың қатарында мемлекеттік мекемелер, медициналық ұйымдар, мектептер мен балабақшалар да бар.

МӘМС жүйесін енгізудегі басты мақсат медициналық қызмет сапасын жақсарту, қолжетімділігін арттыру болатын. Әйтсе де, саладағы өзекті мәселенің бірі – медициналық қызмет сапасының төмендігі болып отыр. Тұрғындардың медициналық көмектің сапасыздығына, медициналық көмекті ұсынуға және көрсетуден бас тартуға, көмекті ұзақ күтуге, емханаға тіркеуден бас тартуға, тағы басқа мәселелерге байланысты шағымданғаны белгілі болды. Мәселен, биылғы алғашқы тоқсанда қордың түрлі байланыс арналары арқылы 77

арыз-шағым түскен. Оның 45-і 1406 сап-орталығына түссе, 24-і Qoldau-24/7 мобильді қосымшасына, 4-і ҚР ДСМ сайтына және тағы 4 шағым қорға түскен.

Аймақта дәрігерлер тапшы. Әсіресе, проктолог, маммолог, балалар невропатологы, алерголог мамандар жетіспеуі белгілі. Сондай-ақ жоғары технологиялық құрылғылар, яғни, КТ, МРТ жетіспейді. Бұл халықтың медициналық көмекке қол жеткізуіне кедергі келтіреді, – деп атап өтті филиал директоры.

Мәселен, кенес беру-диагностикалық қызметті ұзақ күтпеу және КМЖЖ ақпараттық жүйесінде медициналық қызмет көрсету терезелерінің уақытылы ашылуы маңызды. Оның ішінде КТ, МРТ аппараттары арқылы бытыр небәрі 32087 қызмет көрсетілсе, соның ішінде әрбір 100 мың тұрғынға шаққанда 3880 нақты медкызмет алынған. Осылайша республикада төменгі көрсеткішке ие болуда. Ал кезектің ұзақтығы бойынша, күту деңгейі бытыр 32086 қызметті құраған, соның ішінде 10 күннен артық күту 7108. Жоғарыда айтқан КМЖЖ бағдарламасы бойынша қабылдау терезесін уақытылы ашпау салдарынан кезек күту бытыр 1460131 қызметті құраса, 37700 қызметті 10 күннен аса күткен. Осы орайда, тұрғындардың тиісті мамандар қабылдауына жазылу мәселесінің де өзекті болып отырғаны, дәрігерлер тарапынан дөрекі қарым-қатынас сынаға алынды.

Бұл мәселенің бәрі сейсенбіде облыс әкімінің орынбасары Балжан Шаменованың төрағалығымен өткен МӘМС жүйесіндегі сактандыру мәртебесіне байланысты өткізілген өңірлік штаб отырысында баяндалды.

● М.ТОМАНОВ-90

ТІЛ ТАРИХЫНЫҢ ТАРЛАНЫ

Бұл фәниде Алланың өлшеп берген ғұмырын кешіп, елінің ертегі мен ұрпақтың болашағы үшін атқарған қызметтерін міндетсімей-ақ, өзін таныту жолында екі өкпесін қолына алып жалаулатпай-ақ, өмірден тып-тыныш өтіп жатқан ізгі жанлар қаншама?! Артында қалған тірілер сол азаматтардың зерделі істерін көзі тірісінде бағалай алмай, өмірден өткен соң бармақ тістеп қала беретінін қалай жасырайық.



Алайда, «...ғалымның хаты өлмейді» дейтін халық тәмсілін ескерер болсақ, еліміздің егемендік алуының қуанышты күндерін көруден аз-ақ бұрын, өзінің 60 жылға жетер-жетпес ғұмырының саналы бөлігін қазақ тілінің тарихын зерттеуге арнап, артында мол мұра қалдырған жерлесіміз Мархабат Тomanov туралы бұлай деуге ауыз бармайды. Өйткені ол – соңына өлмес мұра қалдырған ғалым, өзінен кейінгі жас ұрпаққа білім нәрін берген ұстаз. Сондықтан да оның есімі ұмытылуы мүмкін емес. Сол бір асыл адам бейнесін жерлестері тағы бір еске алсын, ал кейінгі білімсіздер, тілсіздер жас ұрпақ болса, ұстаздың өмірі мен шығармашылығы жайлы таныс болсын деген ниеттеміз.

Мархабат Тomanov 1932 жылдың 5 ақпанында Қармақшы ауданының «Абыла» ауылында қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келген. Ауылдағы бастауыш мектепті, одан соң Жосалы кентіндегі №26 қазақ орта мектебін бітірген соң, 1949 жылы арман қуып Алматыға келеді. Қазақтың маңдайына біткен қара шаңырағы С.Киров атындағы университеттің (қазіргі әл-Фараби атындағы Ұлттық университет) филология факультетіне оқуға түседі. Университетті жақсы бітірген Мархабат одан әрі ұстаздарының бағыттауымен ғылымға бет бұру мақсатында аспирантурада оқуын жалғастырады. Сол кезден кандидаттық диссертациясының тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарын бастайды.

Аспирантураны бітіргеннен кейін Я.Алтынсарин атындағы Педагогтік ғылыми-зерттеу институтында, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында түрлі дәрежелі қызметтер атқара жүріп, зерттеу жұмыстарын жалғастырды. 1960 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор М.Балакаевтың жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі мезгіл мәнді сөз тіркестері» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын қорғады. Оның зерттеулері қазақ тілінің XIX ғасырдың бірінші жартысында делі саласының бірі – сөз тіркесі мәселелеріне арналады. Осы бағытта бірнеше ғылыми мақалалары жарық көрді.

Ғылым жолындағы талпыныс жалындып тұрған жас ғалымды бұрын түркі тіл білімі жөніндегі ғылыми мақалалары жарық көрді. Оның зерттеулері қазақ тілінің XIX ғасырдың бірінші жартысында делі саласының бірі – сөз тіркесі мәселелеріне арналады. Осы бағытта бірнеше ғылыми мақалалары жарық көрді. Оның зерттеулері қазақ тілінің XIX ғасырдың бірінші жартысында делі саласының бірі – сөз тіркесі мәселелеріне арналады. Осы бағытта бірнеше ғылыми мақалалары жарық көрді.

1964 жылы бір кезде өзі оқыған университетіне ұстаз

болып оралып, қазақ тілі кафедрасында доцент, профессор, 1979 жылдан 1989 жылға, яғни өмірінің соңына дейін кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Өз мамандығына, қазақ тіл білімі ғылымына жүрегімен берілген жанның дүниеден өтуі де ерекше құбылыс болды. 1989 жылы желтоқсанның 19-ында қазақ тіл білімі ғылымының негізін салушылардың бірегейі, осы саланың тұңғыш профессоры Қ.Жұбановтың 90 жылдығына орай өткен конференция үстінде ғұлама туралы тыңдаушыларын риза еткен баяндамасын оқып болған бойда, ағамыздың кенет соққан жүрек талмасына бақиға аттанып жүре бергеніне куә болдым. Өйткені жайлы осы жынығна шәкірті ретінде менің де қатысуымды қалаған еді.

Мархабат Тomanov-ты жан-жақты ғалым болатын. Ол, бір жағынан, тілдің кез келген саласын қазіргі калпында да, тарихи тұрғыдан да таза теориялық жағынан зерттеуші болса, екінші жағынан, тілді пән ретінде үйретуші әдіскер, педагог-ұстаз еді. Оның осы екі бағытта жазылған екі жүзде астам еңбегі қазақ тіл білімі ғылымына қосылған мол мұра ретінде халқына, жас ұрпаққа сапалы білм беруде қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Ғалымның ғылымға алғаш қадам басуы тілдің синтаксис саласын зерттеуден басталғанымен, әр кезінде тілдің басқа да салаларына қатысты маңызды мәселелерге қалам тартып отырды. Мәселен, оның морфология саласына байланысты «Шақ категорияларының тарихы», «Етістік тудыратын жұрнақтардың тарихы», «Сын есімнің жасалу ерекшеліктері» атты кітапшалары мен «Түбір сөздің дамуы», «Үстеу сөздің тарихы», «Тәуелдік жалғаулардың тарихы», тағы да басқа мақалалары осы саланың келешек тарихи тұрғыдан зерттелуіне жол ашты десек болады.

Оның қазақ әдеби тілінің өсуі мен дамуы, өзгеруі мен қалыптасуы жолдары жайындағы еңбектері бір төбе. Бұған «Қазақ әдеби тілінің XIX ғасырдың бірінші жартысында дамуы», «Қазақ әдеби тілінің алғашы шарттары», «Қөркем әдебиет тілін зерттеудің мәселелері», «Қазақ әдеби тілінің Орта Азия әдеби тілімен байланысы» атты мақалалары мен қазақ әдеби тіл стилестіксі туралы жазған топтама мақалалары кезе.

Мархабат Тomanov өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап бұрын-соңды қазақ тіл білімінде терең зерттеле қоймаған, өзіндік қиындығы да, қызығы да мол сала – тілді тарихи тұрғыдан зерттеуге ден қояды. Осы бағытта қазақ тілінің өткен мен бүгінгісінен тең дәрежеде салыстыра отырып, тарихи даму барысындағы өзгешеліктер мен қалыптасқан қазақ тіліне тән заңдылықтарды басқа да туыс-

тас түркі тілдеріндегі, тарихи ескі жазбалардағы нақты материалдармен дәлелдеп көрсеткен бірнеше еңбегін жариялайды. «Қазақ тілі тарихи грамматикасының мәселелері» (1974), Т.Қордабаевпен бірігіп жазған «Тарихи грамматика мәселелері» (1975) атты еңбектері мен жоғарыда аталып өткен тіл тарихына қатысты бірсыпыра мақалалары алдағы уақытта қорғалуға тиіс докторлық диссертациясына барар баспалдақтар болды. Осындай қыруар еңбектің қорытындысында 1982 жылы «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» атты еңбегі жарық көрді. Бұл – жоғары оқу орнындағы жоспарына енген осы аттас пәнінің тұңғыш оқулығы. Оқулық 1988 жылы толықтырылып қайта басылды.

Қазақ тілін көне түркі тілінің бір бөлігі, мұрагері деп таныған ғалым өзі оқыған дәрістері мен жазған мақалалары негізінде «Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы» (1981), «Түркі тілдерінің салыстырмалы морфологиясы» (1984) еңбектерін жариялады. Осы еңбектер мен бірсыпыра жарияланбаған мақалалары қызметтес достарының көмегімен жинақталып, өзі қайтыс болғаннан кейін, 1992 жылы жоғары оқу орнындағы жоспарына енген «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты пәнге арналған оқу құралы ретінде жарияланды.

Туған тіліміздің түп негізі (архетипі), қалыптасу тарихына негіз бола алатын көне жазба ескерткіштерін зерттеу де ғалымның назарынан тыс қалған жоқ. Оның «Көне түркі жазуының (Орхон-Енисей) ескерткіштері» (1963), «Махмуд Қашқари (XI ғ.)» (1964), «Махмуд Қашқари түркі тілдерінің фонетикалық құрылымы туралы» (1971), «Тарихи морфологияны зерттеуде көне мұраларды пайдалану принциптері туралы» (1976), т.б. туындылары – қазақ тіл біліміне ғана емес, жалпы түркітануға қосылған сүбелі еңбектер.

Ғалымның тағы бір қыры қазақ сөздіктерін жасауға қатысып, қазақ лексикографиясына қосқан үлесінен көрінеді. Оның 1968 жылы жарық көрген «Қазақ лексикографиясының алғашқы нұсқасы» атты мақаласынан басталған бұл бағыттағы еңбектері 1959-1970 жылдар аралығында басылған орысша-қазақша екі тілді сөздіктерге тікелей араласып, бірнешеуіне алғысөздер жазуымен, тұңғыш шыққан «Қазақ сөздік энциклопедиясының» авторларының бірі болуымен жалғасын тапты.

Мархабат Тomanov-ты ширек ғасыр бойы ұстаздық қызмет атқару жолында нағыз педагог, білікті әдіскер болып қалыптасты. Оның оқытуы әдіс-тәсілдері жөніндегі шағын мақалаларын, баяндамаларын, жеке тақырыптарға арналған әдістемелік құралдарын айтпағанда, «Қазақ тілінің тарихи

грамматикасы» атты пәнді жоғары оқу орнының жоспарына енгізіп, оның бағдарламасы мен әдістемелік құралын, одан соң оқулығын даярлап шығуының өзі неге тұрады. Ғалымның тұшымды дәрістерін тыңдап, білікті маман болып шыққан қаншама жастардың көбі қазір ел ағалары, қоғам қайраткерлері, білікті маман ғалымдар.

Ғалым ғылымға талпыныс жасаған талай жастарға жол көрсетіп, олардың ғылымда өз орнын жаңылмай табуына көмектесті. Өзі жетекшілік жасаған аспиранттардың дер кезінде қорған шығуына барынша қамқорлық жасап, жанкүйер бола білді. Солардың ішінде алғашқы болып кандидаттық диссертация қорғаған, бүгінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, ғылым докторы, осы мақаланың авторы Жәніс Сәдуақасұлы, көп жылдар бойы мемлекеттік қызметте болып, қазіргі кезде өзі оқыған, кандидаттық диссертациясын қорғаған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры қызметіне өткен жылы келген, ғылым докторы, профессор Жансейіт Түймебаев, Павлодар университетінің проректоры болған, ғылым кандидаты, доцент, жерлесіміз, марқұм Жақсыбай Сарбалаев, Орал университетінің проректоры болған, ғылым докторы, профессор, марқұм Отарәлі Бүркіт, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессорлары, ғылым докторлары Берікбай Сағындықұлы мен Анар Салқынбайлар бар екенін айтсақ та жеткілікті болар. Осы ғалымдардың бірсыпырасы Қызылорда облысының тумалары болуының өзі ғалымның туған жер түлектерінің ғылым жолында жетістіктерге жетуіне бүйрегі бұрып тұратыны аңғарыла керек.

Ол өмірінің ақырына дейін Мәскеудегі Түркологиялық Кеңестің, Баку қаласынан шығып тұратын халықаралық «Туркология» журналының редколлегия мүшесі болды. Осыған байланысты ол халықаралық симпозиумдарға, конференцияларға жиі қатысып, баяндамалар жасап тұратын. Сол тұстағы одақ көлеміндегі түркі ғалымдарының ішінде ғалымның достары да, пікірлестері де көп еді.

Туғанына 90 жыл толуына орай біз еске алып отырған қазақ тіл білімінің тарихында өзіндік өшпес із қалдырған ғалым, терең білімді, ақылы ұстаз Мархабат Тomanov-ты осылай еске аламыз.

Ғалымның жары Жамал апамыз да кезінде Абай атындағы педагогикалық университетте көп жыл қызмет атқарып, зейнетке шыққан кісі болатын. Ағамыздың 70 жылдық мерейтойын өткізген соң, көп ұзамай ол кісі де өмірден өтті. Соңында қалған ұлдары Мұрат, Мақсұт Алматыдағы белді мекемелерде білікті мамандар ретінде қызмет атқарса, қызы Нұрия – әкесінің жолын қуған ғалым, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті. Университетті жақсы бітірген немересі Махмұт – мемлекеттік қызметкер. «Орнында бар оңалар» деген осы болса керек.

Өмірден ерте өткен ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дей отырып, ұрпақтарына зор денсаулық, ұзақ та бақытты ғұмыр тілейміз!

Жәніс Сәдуақасұлы, филология ғылымының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті профессоры, ҚР Білім беру ісін құрметті қызметкері

Дін мәселесі бойынша өңірлік ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің қатысуымен «Дін экстремизм көріністерінің алдын алудағы ақпараттық-түсіндіру шараларын жетілдіру жолдары» тақырыбында екі күндік семинар-тренинг өтті.

● СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

Тиімді тәсілдер талқыланды



Облыстық дін істері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақов іс-шараның мақсаты жайлы айтып өтті.

– Қазір қоғамдағы өзекті мәселеге айналып отырған қарапайым халық пен түрлі дін ұстанушылар арасында бір-бірінің түсініктерін алдын алу, сонымен қатар, жат ағымдарға еріп, өмірлік қиындықтарға душар болған жандарға психологиялық көмек көрсетіп, әлеуметтік тұрғыда қолдау білдіру – басты міндеттің бірі, – делі ол.

Семинарда деструктивтік діни ағымды ұстанушылармен жұмыс жасаудың тиімді әдіс-тәсілдері жайлы айтылды. Сонымен бірге оларға кеңес беріп, көмек көрсету үшін практикалық дағдыларды әзірлеу бойынша тренинг жүргізіліп, жынға қатысушыларға жан-жақты түсініктемелер берілді. Жат ағымның

жетегіне еріп жаза басқан жандарды қоғамға қайта бейімдеу бағытында атқарылатын жұмыстар жайлы талқыланды.

Жиында баяндама жасаған Ақтөбе облысының «ИХ-сан» орталығы қоғамдық бірлестігінің басшысы Мейірбек Қалманов, Павлодар қаласы деструктивті және экстремистік ұйымдар бойынша психолог-сарапшы, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлназ Раздықова қатысушылармен кеңірек пікірлесіп, сауалдарына жауап берді.

Екі күндік семинар-тренингке облыстық дін мәселелері жөніндегі өңірлік ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері, мешіт имамдары, қалалық және аудандық ішкі саясат бөлімдерінің жауапты мамандары, теологтар қатысты.

«СБ» ақпарат

«Киік» кең ауқымды акциясы

Жануарлар дүниесі – еліміздің аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрылымдық қайраңның және айрықша экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жануарлар жиынтығынан құралған табиғат байлығының ажырамас бөлігі. Сондықтан да оны көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа бүгіндей жеткізу – біздің міндетіміз.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар және Ішкі істер министрлігі мен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бірлескен бұйрығына сәйкес «Киік» кең ауқымды табиғат қорғау акциясының мақсатында 2022 жылдың көктем, қыс мезгілдерінде өткізілетін бірлескен іс-шара жоспары (бұдан әрі – жоспар) белгіленген. Көктем кезінде «Киік» кең ауқымды табиғат қорғау акциясының өткізуі 2022 жылғы 15 сәуірден бастап 15 мамыр аралығында жоспарланған.

Облыс аумағы – ғылыми мақсаттарда пайдаланудан басқа, пайдалануға тыйым салынған түрлер санатындағы киік жануарларының мекен ету ортасы мен өріс аудару жолы.

Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктерін мен

дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі №190 бұйрығының талабына сәйкес ғылыми мақсаттарда пайдаланудан басқа, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қиіктерді, олардың бөліктерін мен дериваттарын пайдалануға 2023 жылға дейін тыйым салынған.

Алайда, осындай тыйымдар мен шектеулерге қарамастан ақбөкен жануарларына қатысты қылмыстық істер тіркелуде. Бір бас серке киікті заңсыз аудау салдарынан 6 млн 891 мың 750 теңге, бір бас аңалық киікті немесе төлін заңсыз аудау салдарынан 4 млн 824 мың 225 теңге шығын есептеледі.

Табиғат байлығын келер ұрпаққа сақтап, жеткізу үшін оларды қорғауға атсалысу – әрбір адамның міндеті деп білеміз.

Рахымжан БУРАБАЕВ, «Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ-нің бөлім басшысы

Дала өрттерінің пайда болуы және таралуы

Далада өсетін шөптер өрттің жоғары деңгейіне ие. Пайда болған өрт үлкен аумақтарды қамтитын басқа өсімдіктерге бірден таралуы мүмкін. Ашық жерлерде жер бетіндегі қатты желдер басып, сондықтан оттың таралу жылдамдығы секундына он метрге жетуі мүмкін.

Дала өртін қауіпсіз әсіресе тамыз және қыркүйек айларында жоғары. Бұл уақытта топырақта өсімдіктердің қарқынды дамуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті ылғал болмайды, нәтижесінде өсімдіктің сарғайып, кебуіне әкеледі.

Осы уақыттан басқа, дала өрттері көбінесе көктемнің соңында, қыста қар астында болған былтырғы шөптер кеуіп бастағанда пайда болады.

Дала өрттерінің елеулі экономикалық және экологиялық зардаптары бар. Өрісте өрт пайда болуы мүмкін және үлкен қиындықпен өсірілген дақылдарды жою алады. Шөп өрті тез таралады, көптеген ұсақ жануарлар немесе дала құстары оттан құтыла алмайды, өйткені көктемде құстар мен жануарлардың көптеген түрлері ұрпақтар алады.

Кейбір жайылмалар иелері осы аумақта өсетін шөптің сапасын жақсарту, ескі шөптерден тазалау мақсатында әдейілеп өсіреді. Алайда бұл әрекет осы аймақтағы экожүйенің әлсіреуіне әкеледі.

Құл өсімдіктер үшін өте жақсы тынайтыншы болып табылады, бірақ бұл бөлшектердің салмағы өте аз, сондықтан жердегі жел оларды пайда әкелгеннен әлдеқайда ертерек ұшырып әкеледі. Дала өртінен кейін шөптер топырақты эрозиядан қорғайды, сонымен қатар от жерді жабатын дала киізін жояды, бұл шөлейттенуге әкеледі.

Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы басшылығының 2022 жылдың 1-тоқсанында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Орналасқан жері	Байланыс телефондары
1	Нұрмағамбетов Марат Жалпакбайұлы	Инспекция басшысы	Жұма сағат 11.00-13.00	Қызылорда қаласы Н.Назарбаев даңғылы 60А	23-19-61
2	Абдрахманов Исатай Әмірзақұлы	Инспекция басшысының орынбасары	Бейсенбі, сағат 10.00-12.00 Әдеп жөніндегі мәселелер бойынша күнделікті 9.00-17.00	Қызылорда қаласы Н.Назарбаев даңғылы 60А	23-19-61

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген ҚР «Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында «Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ-де 23-19-61 сенім телефоны жұмыс жасайды.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Сұлтанова Гүлбану Сұлтанқызы (лицензия №0002726, 08.10.2009 ж.) 2021 жылдың 28 қыркүйегінде қайтыс болған азамат Тажибасев Нурлан Жайсановичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 54/24, тел.: 8-701-163-18-70.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

● КИНО

«Сәттің» сәтті қадамы

Қазақ киноиндустриясының қоржынына тағы бір туынды қосылды. «Aslan» балалар киностудиясының бастамасымен «Сәт» атты веб-сериал көрерменге жол тартты. «Достық үйінде» аталған кинокартинаның тұсауы кесілді. Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай қатысты.

Сб Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Аймақтағы алғашқы балалар киностудиясы түсірген туынды 5 бөлімнен тұрады. Кинокартинада спортқа қызығатын жастардың өмірі, сондай-ақ, бозбала мен бойжеткен арасындағы балалық сезім ерекше сипатталған.

Облыс әкімінің орынбасары шығармашылық топты жаңа



туындының тұсаукесерімен құттықтады.

– Ең алдымен «Aslan» балалар киностудиясының ұжымына алғыс

білдіремін. Жас өнерпаздардың өркендеуіне септігін тигізіп келеді. Сыр өңірінен осындай белсенді жастардың шыққаны қуантады.

«Сәт» сериалы жоғары деңгейдегі, көрермені көп туынды болатынына сенеміз. Алдағы атқарылатын жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін, – деді.

Жоба жетекшісі Жасұлан Алдабергенов те жастарға арналған телехикаяның түсірілуіне атсалысқандарға алғысын айтты.

– Киностудия алғаш ашылған сәттен бастап бізге қолдау көрсетіп жүрген көрермендерге ризашылығымды білдіремін. Бұл – сіздердің де жетістіктеріңіз. Мұнымен тоқтамаймыз, алдағы уақытта мұнан да жоғары деңгейдегі туындыларымызбен қуантатын боламыз, – деді ол.

Шара соңында киностудия ұжымына облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Ата-аналар да балаларының жетістікке жеткеніне ерекше қуанып, шығармашылық ұжымға алғыс білдірді.

● ТАБИҒАТ ТЫЛСЫМЫ

Бұл М.Мақатаевтың «Аласқан шағала» атты өлеңі емес. Өз жолынан шатасқан шағала он шақты күннің шамасында біз тұратын аумақтан шығар емес. Әуелде мән бермеген едік. Кейіннен шаңқылдаған дауысынан шағала екеніне көзіміз жетті. Осыдан біраз уақыт бұрын бұл құстың Арал ауданы Қамыстыбас ауылынан көргенмін.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Адасқан шағала



Дәл сол құс аула маңында қалықтап, самғап жүр. Оның шаңқылдап дыбыс шығаруы қадімгі бала жылағандай не мысықтың дыбысына ұқсас сияқты көрінді. Таңертең ерте сыртқа шыққанда жаңағы дауыс тағы естілді. Азанымен кішкентай бала далада жалғыз өзі не істеп жүреді дедім. Андасам, баланың дауысына қатты ұқсамайды. Жан-жағымға қарасам, шатырда шағала қонып тұр екен. Дене тұрқы орташа, күміс қанатты құс жайлы ғаламтордан мынадай қызықты ақпаратқа кезіктім.

Шағала жайлы қызықты 30 деректің ішінен ұнағаны – теңіз шағалалары керемет жүзушілер, тіпті суда ұйықтап кетуі мүмкін. Онда арнайы без болғандықтан, тұзды су ішуге қабілетті. Бұл без көзінің үстінде орналасқан және ол қаның тұздан тазартып, мұрын арқылы шығарады. Адамдарға өз кеңістігін қорғай отырып, отарымен шабуыл жасай алады.

Америка Құрама Штаттарында тіпті пошташыларға осы құстар шабуылдаған кезде не істеу керектігі туралы нұсқаулық бар екен. Белгілі бір жерлерде шағала рационның 70%-і – балық қалдықтары. Ойын ойнауға, басқа құстардан олжа ұрлауға, сондай-ақ басқа жануарларды қуып, тіпті адамдардың пайдасын көруге қабілетті, ақылы және білгір құс. Теңіз шағаласы 4 жасқа дейін сүр қауырсындарға ие, содан кейін ол ақ түске айнала бастайды. Жайлы өмір сүру үшін көп мөлшерде тамақ қажет.

Олар теңіз құстарына тән көптеген қауіп-қатерлермен бетпе-бет келеді, мысалы, мұнайдың ластануы, шатасқан желілер және төгілген пластмасса. Егер балапандарын инкубациялау немесе тамақтандыру кезінде шағала қауіп көретін болса, онда дүрбелен туғызды.

Ерте замандардан бері адамзат баласы ауа райын үздіксіз бақылап келеді. Өйткені, олардың көшпелі өмірі ауа райымен тығыз байланысты әрі соған тәуелді еді. Мәселен, шағала суға қонса, күн райының жақсы болатынын білдіреді деп болжаа, ал егер құмдақтың бетінде жүруін тоқтатпаса, қамдана бер деген сөз екен. Ал шаңқылдап дыбыс шығарса, дауыл болатынын ескерткені.

Расында кейінгі күндері наурыз айы өзінің «мінезін» көрсетіп, әбігерге түсірді. Шағаланың шаңқылдауы өңменнен өтетін суық желге, қуыңды дауылға көрінген тәрізді. Көпшілік көктемнің келуін асыға күтіп, сағынып жүр еді. Алайда жаймашуақ күнге әзір жетпейтін секілдіміз. Өйткені адасқан шағала олі шаңқылдауда. Әлде өз көлін іздеп, адасып жүр ме екен?

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандың барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефонна арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

● ОЙТҮРТКІ

Ас-құдайыла көп боламыз. Ондай жерге міндетті түрде мешіттің өкілі келеді. Мен ылғи да имам-молдалардың намаздың уақыты келді деп тамақтан тұрып кететінін байқаймын.

Сб Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»

Ас ішудің сауабы мен әдебі



Мұндай жағдайлар ораза кезінде көп кездеседі. Бірде мешітке ауызашарға жиналды. Ауыз ашып бола бере намаз уақыты деп әуелі мешіт өкілі орнынан тұрды, сосын сыпырылып оған намаз оқып жүрмін дегендер ерді. Сөйтіп, дастархан басындағылардың жартысына жуығы кетіп қалды.

Бұл «біз намаз оқымыз» деген тоқпарлық сияқты көрінеді десе, оған имам-молдалар өкпелесіні. Қазақ «асты сыйла», «астан аттама» дейді. Тіпті, осыны «ораза-намаз – тоқтық» деп тоқ еткізіп айтатыны да бар.

Мен қасиетті кітаптардан мынадай бір хадис оқыдым. Оған сілтеме жасамасам да, білімді молдалар сондай хадис бар екенін білсе керек. Оның мағынасы былай:

Бір діндар Пайғамбарымызға: «Мен тек құлшылықпен ғана жүрген адаммын. Азаннан кешке дейін ес-дертім тек Аллада», – дейді марқайып.

Алланың елшісі одан: «Ал, күнкөрісің қалай реттеледі?» – деп сұрайды.

«Күнкөрісім үшін менің інім еңбек етеді, жұмысты сол істеп, нанды сол табады», – дейді ол.

Сонда Пайғамбарымыз: «Сенің құлшылығыңнан інінің құлшылығы қайырлық екен», – депті.

Шындығында тамақтану турасында дініміз не дейді?

Тамақ, ас ішудің намаздан да берекелі екенін білу керек дейді. Өйткені, біз тамақ ішкенде «бісіміл» деп бастап, «алхамдулillah» деп аяқтаймыз.

Тамақ бастар алдында Алла Тағалаға ғибадат ет, Алла Тағаланың дінін, мәңгілік бақыт және тыныштық жолын барлық адамдарға тарату үшін күш-қуат жинауға ниет ет дейді. Тамақтың арасында бір нәрсе үшін, тіпті намаз үшін де дастарханнан тұрып кетпеу керектігін ескертеді.

Осыдан ой қорытарсыз.

● ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН

Сәуірде жетті сауапты ай

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚМДБ-ның облыс бойынша бас имамы Болатбек Абуов пен «Зекет және қайырымдылық» қорының облыс бойынша өкілі Жидебай Онталап баспасөз мәслихатын өткізді.

Сб Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»

Бас имам мұнан бұрын Нұр-Сұлтан қаласында ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының мәслихат өткізгенін айтты.

Осы жиында шарияттың талабын негізге алып және еліміздегі астрономиялық зерттеу орталықтарының ғылыми мәліметіне сүйене келе биылғы рамазанның 2 сәуір күні басталатыны пәтуа болған. 1 сәуір алғашқы тарауық намазы оқылады. 2 мамыр – Ораза айт мерекесі. Қасиетті Қадір түні сәуірдің 27-нен 28-не қараған түнге сәйкес келеді.

Сонымен қатар, еліміздегі азық-түліктің оның ішінде ұнның орташа есебін ала отырып, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы жанындағы ғұламалар кеңесінің шешімімен жан басына шаққандағы пітір садақаны мөлшері 500 теңге болып белгіленгенін білдірді. Садақаны мешітке келіп беруге немесе «Kaspi.kz», «Halyk», «Homebank», «Fortebank», «Банк ЦентрКредит», «Сбербанк», «Astana-Plat» мобильді қосымшалары және «Қазпошта» арқылы да аударуға болады.

Карантиндік шектеулердің алынып тасталуына байланысты



биыл дәстүр бойынша мешіттерде ауызашар дастарқаны жайылып, жамағатпен тарауық намаздары оқылмақ.

Бұлармен бірге дін өкілдері ораза ұстаудың шарттары мен үкімдеріне тоқталып, пітір садақ берудің жөн-жобасын түсіндіріп өтті. Бұл тұрғыда көңіл аударатын нәрсе – биыл бір күнге арналған фидия садақаның мөлшері 3000 теңге болып белгіленгені. Сондай-ақ, оразаны бұзбайтын, бұзатын жағдайларға да тоқталды. Мұны да әркім білуі тиіс.

Рамазан – сауап жасау, мол мүмкіндік, рухани тұрғыдан өз-өзіңді жаңарту, жанғыру айы.

Берекелі айдың құрметіне орай, әлеуметтік желілер арқылы «Рамазан уағыздарының үздіксіз айтылуы», Ихан аясында дәрістердің өткізілуі, тікелей эфир арқылы «Хатым Құран оқылу», «Ауызашар

қоржыны» сынды қайырымдылық акциялары және түрлі форматтағы іс-шаралар, онлайн режимде жарыстар өткізу жоспарланған.

Нақтырақ айтсақ, мешітке келуші жамағат арасында «Қош келдің, Рамазан!» атты рухани кеш өткізу, жұртшылыққа Рамазан айының қасиеті жайында кітапшалар тарату, «Отбасы ауызашары» шарасын ұйымдастыру, отау құрған жас отбасыларға тәрбиелік кеңес беру, «30 күнге 30 видео уағыз» әлеуметтік желі арқылы Рамазан айының қадір-қасиетін бұқараға насихаттау, БАҚ өкілдері арасында «Рамазан – рухани тәрбие айы!» атты шығармашылық бәйге өткізу, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру, т.б.

Ниеттеріңіз қабыл болсын, ағайын! Ораза Алла разылығына бөлесін.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Топжарған Тоғжан

Қызылорда қаласы С.Толыбеков атындағы №3 IT мектеп-лицейінің 5-сынып оқушысы Тоғжан Әбдрахманова Түркия мен Дубайда математика және информатика бағытында өткен халықаралық олимпиадаларға қатысып, «Алтын кубокты» жеңіп алды.



Біздің дәуір білектінің емес, білімдінің заманы екенін дәлелдеп жүрген талапты шәкірт алдымен 23 наурыз күні Стамбул төрінде өткен әлемдік бәсекеле 4 таңбалы санды көбейту, бөлу, теңдеу шешуден жүйріктігін дәлелдеп, бас жүлдені иеленді. Мұнан соң, 28 наурыз күні Дубайда дарындылар қатысқан математика және информатика бағытында өткен білім бәсекесінде де Тоғжан бас жүлдеге лайық деп танылды. Осылайша, дарынды жас қос байқауда топ жарды.

Айта кетейік, Тоғжан бытыр Египетте өткен халықаралық олимпиадаға қатысып, күрделі есептерді жылдам шығарудан жеңімпаз атанған. Сонымен қоса, Нұр-Сұлтан қаласында «BI University»-де өткен республикалық математика-арифметика олимпиадасында жеңімпаз атанып, жүлделі I орын иеленген болатын. Озық ойлы оқушының алар асуы биікте деп сенеміз.

«СБ» ақпарат